

*Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп – лицейдің әлеуметтік педагогының
2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы
АНЫҚТАМА*

- 2022-2023 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары шығарылып, бекітілді. (ҚР Оқу - ағарту министрінің 2022 жыл 27 тамыз №382 бұйрық)
- Жыл бойы жүргізілетін жылдық жоспар негізінде айлық жоспар жасалып, жүйелі жұмыстар жүргізілді.
- Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында аудандық білім бөлімінің қатынасына сәйкес мектеп- лицей директорының бұйрығымен комиссия мүшелері бекітіліп, жұмыс жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасындағы оқушылардың мектепке толық келуіне жұмыстар жүргізілді.
- «Кеңес беру», «Қаржылай көмекті тіркеу», «Сабакқа ену», «Сараптамалық», «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры есебінен» бір мезгіл ыстық тамақ ішетін оқушыларды тіркеу журналдарға қажетті мәліметтер толтырылды.
- Жоспарға сәйкес сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс – жағдайын зерттеу мақсатында мәліметтер жиналып, сыныптың әлеуметтік картасы әзірленді.
- Оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталып, мектептегі оқушылардың әлеуметтік картасы жасалды. Мектеп - лицейдің әлеуметтік картасы жасақталды.
 - 1. Қамқорлыққа алынған оқушылар тізімі;
 - 2. Толық емес отбасындағы оқушылар тізімі. Оның ішінде:
 - асыраушысынан айырылған отбасында тәрбиеленетін оқушылар;
 - ата - анасының бірі ажырасқан отбасында тәрбиеленетін оқушылар;
 - форма 4 есебіндегі оқушылар;
 - 3. Көпбалалы отбасындағы оқушылар тізімі;
 - 4. Аз қамтылған отбасындағы оқушылар тізімі;
 - 5. Туысының үйінде тұратын оқушылар тізімі;
 - 6. Өгей ата - анамен тұратын оқушылар тізімі;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N64 Қаулысына сәйкес «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларды қаржылай қамтамасыз ету мақсатында комиссия мүшелері бекітілді. Комиссия мүшелерінің шешімімен аз қамтылған отбасындағы 195 оқушы қаржылай көмекпен қамтылды.
- Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына бекітілген 10 қосымшасы «Жалпы білім беретін тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын және жалпы ережелерін» басшылыққа ала отырып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтуға сынып жетекшілермен бірлесе

отырып, жұмыстар жүргізілді. Аудандық білім бөлімінің шешімімен алынған анықтама негізінде 195 оқушы қамтылды.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 109-қосымшасын басшылыққа ала отырып, тамақтану сапасын бақылау мақсатында мектеп-лицей директорының бұйрығымен комиссия мүшелері бекітілді. Айына екі рет асхана қызметін бақылау мақсатында комиссия мүшелерінің қатысуымен тамақтың сапасы, ас мәзірімен сәйкес берілуі қадағаланып, акт жасалып отырылды.
- Ұлттық білім беру деректер қорына бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған 195 оқушы тізімі енгізілді.
- Ұлттық білім беру деректер қорына қамқорлыққа алынған 11 оқушының тізімі енгізілді.
- 2023 жылдың қаңтар айынан бастап «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен №159 ерекшелік бойынша 1-4 сыныптан 817 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамту мақсатында жұмыстар жүргізілді.
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың кітапханадан кітаппен қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілермен, кітапханашылармен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізілді.
- Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 11 оқушының отбасындағы тұрмыс – жағдайын қадағалау мақсатында сынып жетекшілермен, психологтармен бірлесе отырып, үйге рейд жұмыстары мерзімінде жасалды.
- Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, өгей ата – анамен тұратын, форма 4 есебіндегі оқушылардың сабаққа күнделікті келуі қадағаланып, журналға тіркеліп отырылды.
- Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушылармен жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп отырылды.
- Мектепшілік ерекше бақылаудағы, тәуекел топтағы оқушылардың тіркелуіне орай сұранысқа сәйкес отбасылық жағдайымен танысу, ата – анасымен байланыс жасау мақсатында сынып жетекші, психологтармен үйге мерзімінде рейд жұмыстары жүргізілді.
- «Қамқорлық» акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларды қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді.
- Заңды өкілсіз туысының үйінде тұратын оқушылардың отбасындағы тұрмыс – жағдайын, отбасындағы қарым – қатынасын бақылау мақсатында сынып жетекші, психологпен бірлесіп, үйге рейд жұмысы жүргізілді.
- Сынып жетекшілердің сұранысына сәйкес оқушылардың отбасы жағдайын бақылау, ата – анамен байланыс жасау мақсатында үйлерге рейд жұмысы жүргізілді.
- Үйде оқитын оқушылардың отбасындағы тұрмыс - жағдайын бақылау мақсатында сынып жетекші, психологтармен бірлесіп, үйге рейд жұмысы жасалып, акт толтырылды.
- Мектепшілік ерекше бақылаудағы оқушылардың үйірмелерге қатысуына үйірме жетекшілерімен бірлесе жұмыстар жүргізілді.
- Аудандық білім бөліміне ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жылына екі рет қамқоршы есебі, медициналық тексеруден

өткендігі туралы қажетті құжаттарын тапсыру мақсатында қамқоршылармен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізілді.

- Өгей ата –анамен тұратын оқушылардың отбасы жағдайын, ата –анамен байланысын бақылау мақсатында сынып жетекшімен бірге үйлерге рейд жүргізілді.
- Ата –анасының қамқорлығынсыз қалған 7г сынып оқушысы Тұрысбек Айсұлтан пен аз қамтылған отбасындағы ерекше білім беруді қажет ететін 7а сынып оқушысы Мырзалы Рамазанның Облыстық «Президент шыршасына» қатыстыруда аудандық білім бөліміне құжаттары тапсырылып, ата – анамен байланыс жасалды.
- Аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына аз қамтылған отбасындағы 5 «Е» сынып оқушысы Рысдәулет Кәусар мен 3 «Д» сынып оқушысы Нағашыбай Жұбаныш,үздік 5 «А» сынып оқушымыз Назархан Бекзатхан қатыстырылып, жаңа жылдық сыйлық иеленді.
- Мектепішілік «Айналайын» күндізгі жазғы тынығу лагеріне ата –аналардың өз өтініштеріне сәйкес әлеуметтік топтағы 1 – 6 сынып оқушыларды қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілермен бірлесе отырып құжаттарын «Egov» порталына енгізуге ата -аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Анықтама негізінде уды қажет ететін 50 оқушы қамтылды.
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасындағы оқушыларды аудандық «Шағала» жазғы тынығу лагеріне қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілермен, ата – аналарымен байланыс жасалып, құжаттарын «egov» порталына енгізуге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін барлығы 70 оқушы қамтылды.
- Әр тоқсанның қорытындысы бойынша педагогикалық кеңестерге қатысылды. «Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының есебінен» бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі туралы есеп беріліп отырылды.
- 2022 -2023 оқу жылындағы желтоқсан айында ІІ оқу тоқсанның ата –аналар жиналысында «Бала құқығы» тақырыбында ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қажетті ақпараттар берілді.
- Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасындағы оқушыларға ұстаздар мен демеуші ата -аналар тарапынан мерзімінде заттай және азық - түлік себеттерімен қамтамасыз етіліп отырылды.
- Жоспарға сәйкес ата -анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мектепішілік үйірмелерге келуіне ықпал жасалып,түрлі шараларға қатыстырылды.
- Мектеп - лицейдің ресми сайтына «Тамактану айдары» бойынша тиісті құжаттарын енгізуге жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырылды.

Жоспардан тыс жүргізілген жұмыстар:

- Алматы қаласындағы «Бөбек» сауықтыру орталығына аз қамтылған отбасындағы 4 оқушыны жіберу мақсатында құжаттармен,ата -анамен байланыс жасалды.

- Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен облыстық «Әлеуметтік педагог мектебі» тақырыбындағы 10 күндік онлайн семинарына қатысылды.
- Мектеп тәлімгері Ш.Байзаковамен бірлесіп, мектепшілік ерекше бақылаудағы оқушыларын қатыстыра отырып, «Ярмарка» тақырыбында өз қолдарымен бұйымдар жасап, бір-біріне сыйлыққа тарту етілді.
- Ақпан айында психо - социум орталығының «Сыр сандықты ашып қара, сырласым» тақырыбындағы апталық аясында шараларға қатысылды.
- Ақпан айында психо - социум орталығының «Сыр сандықты ашып қара, сырласым» тақырыбындағы апталық аясында «Біз бақытты жанұямыз» атты ата - аналармен бірлескен сайыс ұйымдастырылды.

Әлеуметтік педагог:  Ж.Рахметова

**Е.Бозгұлов атындағы №249 мектеп – лицейдің әлеуметтік педагогының
2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы
АНЫҚТАМА**

- 2023- 2024 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары жасалып,бекітілді.
- Жоспарға сәйкес айлық жоспарлар, бірлескен жұмыс жоспары, қамқорлықтағы оқушыларға арналған, өгей ата –анамен тұратын оқушыларға арналған , форма4 есебіндегі оқушыларға арналған жоспар жасалып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.
- Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында аудандық білім бөлімінің қатынасына сәйкес мектеп- лицей директорының бұйрығымен комиссия мүшелері бекітіліп,жұмыс жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасындағы оқушылардың мектепке толық келуіне жұмыстар жүргізілді.
- «Кеңес беру», «Қаржылай көмекті тіркеу», «Сараптамалық» журналдарға қажетті мәліметтер толтырылды.
- Жоспарға сәйкес сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс – жағдайын зерттеу мақсатында мәліметтер жиналып, сыныптың әлеуметтік картасы әзірленді.
- Оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталып, мектептегі оқушылардың әлеуметтік картасы жасалды.
 - 1.Қамқорлыққа алынған оқушылар тізімі;
 - 2.Толық емес отбасындағы оқушылар тізімі.Оның ішінде:
 - асыраушысынан айырылған отбасында тәрбиеленетін оқушылар;
 - ата -анасының бірі ажырасқан отбасында тәрбиеленетін оқушылар;
 - форма 4 есебіндегі оқушылар;
 - 3.Көпбалалы отбасындағы оқушылар тізімі;
 - 4.Аз қамтылған отбасындағы оқушылар тізімі;
 - 5.Туысының үйінде тұратын оқушылар тізімі;
 - 6. Өгей ата - анамен тұратын оқушылар тізімі;
- «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың ата –аналарына «Egov» порталына оқушы құжаттарын енгізуге сынып жетекшілермен бірлесе отырып,түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Анықтама негізінде 66 оқушы қамтылды.
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020жылғы 24 сәуірдегі №158бұйрығын және 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларды қаржылай көмекпен қамту мақсатында комиссия мүшелерімен бірлесе жұмыс жүргізілді. Комиссия мүшелерінің шешімімен әлеуметтік қолдауды қажет ететін 214 оқушы қаржылай көмекпен қамтылды.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы,109қосымшасын басшылыққа ала отырып,асхана

қызметінің жұмыстарына тамақтану сапасын бақылау мақсатында мектеп-лицей директорының бұйрығымен комиссия мүшелері бекітілді. Айына екі рет асхана қызметін бақылау мақсатында комиссия мүшелерінің қатысуымен тамақтың сапасы, ас мәзірімен сәйкес берілуі қадағаланып, акт жасалып отырылды.


- Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен 1 - 4 сыныптан 818 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың кітапханадан кітаппен қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілермен, кітапханашылармен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізілді.
- Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 11 оқушының отбасындағы тұрмыс – жағдайын қадағалау мақсатында сынып жетекшілермен, педагог психологтармен бірлесе отырып, үйге рейд жұмыстары мерзімінде жасалды.
- Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, өгей ата – анамен тұратын, форма 4 есебіндегі оқушылардың сабаққа күнделікті келуі қадағаланып, журналға тіркеліп отырылды.
- Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушылармен жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп отырылды.
- Мектепшілік ерекше бақылаудағы, тәуекел топтағы оқушылардың тіркелуіне орай сұранысқа сәйкес отбасылық жағдайымен танысу, ата - анасымен байланыс жасау мақсатында сынып жетекшілермен, психологтармен бірлесе отбасына мерзімінде рейд жұмыстары жүргізілді.
- Заңды өкілінсіз туысының үйінде тұратын оқушылардың отбасы жағдайымен танысу мақсатында сынып жетекшілермен, психологтармен бірлесіп, отбасына рейд жұмыстары мерзімінде жүргізіліп отырылды.
- «Қамқорлық» акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларды қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді.
- Сынып жетекшілердің сұранысына сәйкес оқушылардың отбасы жағдайын бақылау, ата – анамен байланыс жасау мақсатында үйлерге рейд жұмысы жүргізілді.
- Мектепшілік ерекше бақылаудағы оқушылардың үйірмелерге қатысуына үйірме жетекшілерімен бірлесе жұмыстар жүргізілді.
- 29 қазан «Қамқоршылар» күніне орай қамқоршы ата - аналармен кездесу ұйымдастырылды.
- Жоспарға сәйкес 20 қараша - Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай «Буллинг, кибербуллингтің, лудоманияның алдын алу» тақырыбында мектеп - лицей директорының орынбасары М.Тикеевамен, мектеп психологтармен бірлесе отырып, оқушыларға семинар - тренинг өткізілді.
- Жоспар бойынша қараша айында «Сенде бір кірпіш дүниеге ...» тақырыбында аз қамтылған отбасындағы 5-6 сынып оқушылармен ой бөлісу мақсатында кездесу ұйымдастырылды.
- «Зорлықсыз әлемді қалай құрамыз?» тақырыбында қаңтар айында 7-10 сынып оқушыларынан эссе жұмысы алынды. Эссе қорытындысы психологтармен бірлесе отырып жүргізілді.
- Жоспарға сәйкес ақпан айында «Мектептегі мінез - құлық ережелері» тақырыбында 1 -11 сынып оқушыларына мектеп - лицей директорының

тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарларымен, сынып жетекшілермен бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

- Мектепішілік ерекше бақылаудағы оқушылармен наурыз айында «Мен тұлғамын» тақырыбында психолог, үйірме жетекшілермен бірлесіп, дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оқушылар өз ой - пікірлерімен бөлісті.
- Жоспар бойынша «Отбасы жарастығы» тақырыбында 5 сынып оқушыларының ата - аналарымен спорттық сайыс өткізілді.
- Аудандық білім бөліміне ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жылына екі рет қамқоршы есебі, медициналық тексеруден өткендігі туралы қажетті құжаттарын тапсыру мақсатында қамқоршылармен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізілді.
- Өгей ата – анамен тұратын оқушылардың отбасы жағдайын, ата – анамен байланысын бақылау мақсатында сынып жетекшілермен, психологтармен бірге отбасына рейд жүргізілді.
- Қызылорда қаласында өткізілген «Қош келдің, жаңа жыл, - жаңа белес, жаңа арман» атты Президент шыршасына ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 7 «в» сынып оқушысы Батырбекқызы Әлия мен ерекше білім беруді қажет ететін 8 «д» сынып оқушысы Тоғыс Жандәулетті қатыстыруда аудандық білім бөліміне құжаттары тапсырылып, ата – анамен байланыс жасалды. Оқушылар мерекелік шараның қонағы болды.
- Аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына аз қамтылған отбасындағы 6 «Е» сынып оқушысы Климова Інжу мен қамқорлыққа алынған 4а сынып оқушысы Сердалы Аяжан, 6 «д» сыныптың үздік оқушысы Асылбек Айару қатыстырылып, жаңа жылдық сыйлық иеленді.
- Үйден оқитын оқушылардың тұрмыс жағдайын бақылау мақсатында психологтармен бірге отбасына рейд жұмыстары жүргізілді.
- Мектепішілік «Айналайын» күндізгі жазғы тынығу лагеріне оқушыларды қамту мақсатында ата – аналарға «Egov» порталына енгізуге түсіндіру жұмыстары сынып жетекшілермен бірлесе отырып, жүргізілді. Аз қамтылған отбасындағы 50 оқушы қамтылды.
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасындағы оқушыларды аудандық «Шағала» жазғы тынығу лагеріне қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілермен, ата – аналарымен байланыс жасалып, құжаттарын «Egov» порталына енгізуге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін барлығы 70 оқушы қамтылды.
- Әр тоқсанның қорытындысы бойынша педагогикалық кеңестерге қатысылды. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының есебінен берілетін бір мезгіл ыстық тамақтың берілуі туралы есеп берілді.
- 2023 -2024 оқу жылындағы ата – аналар жиналысына қатысылды. Қажетті акпараттар берілді.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектеп- лицейдің ресми сайтына «Тамақтану айдары» бойынша тиісті құжаттарын енгізуге жұмыстар өз мерзімінде жүргізіліп отырылды.
- Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша ата - аналар, оқушылардан сауалнама жүргізілді.

Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар:

- Ұлттық білім беру деректер қорына бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған 66 оқушы тізімі енгізілді.
- Ұлттық білім беру деректер қорына қамқорлыққа алынған 11 оқушының тізімі енгізілді.
- «Садақа-береке кілті» тақырыбында мектеп-лицейдің жас мамандарынан құралған «АСАР» жасағы қайырымдылық жасап, мектеп оқушыларының әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларына азық-түлікпен көмек көрсетті.
- 2024жылдың желтоқсан айында 5-6 сынып оқушыларымен «Жетістікке қалай жетуге болады?» тақырыбында ашық әңгімелесу шарасы өткізілді.
- Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасындағы оқушыларға ұстаздар мен демеуші ата -аналар тарапынан мерзімінде заттай және азық - түлік себеттерімен қамтамасыз етіліп отырылды.
- «Жаздық жолдама -2024» жобасы бойынша 10оқушыны Түркістан облысы, Төле би ауданына лагерьге (23 маусым- 2 шілде) жіберуге құжаттармен,ата - анамен байланыс жасалды.
- 1 наурыз Алғыс айту күні мерекесіне орай қайырымдылық акциясы жасалып, жас мамандардан құралған «АСАР» жасағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасына азық-түлік апарылып, қол көмек көрсетілді.
- Қаңтар айында психо - социум орталығының «Бұл менің әлемім....» тақырыбындағы апталық аясында шараларға қатысылды.
- Қаңтар айында психо - социум орталығының «Бұл менің әлемім....» тақырыбындағы апталық аясында 7-8 оқушыларымен «Тимбилдинг» сайысы ұйымдастырылды.

Әлеуметтік педагог:  Ж.Рахметова

**Е.Бозгұлов атындағы №249 мектеп – лицейдің әлеуметтік педагогының
2024-2025 оқу жылының I оқу тоқсанында атқарған жұмыстары туралы
АНЫҚТАМА**

- 2024- 2025 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары жасалып,бекітілді.
- Жоспарға сәйкес айлық жоспарлар, бірлескен жұмыс жоспары, қамқорлықтағы оқушыларға арналған, өгей ата –анамен тұратын оқушыларға арналған , форма4 есебіндегі оқушыларға арналған жоспар жасалып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.
- Дәстүрлі Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында мектеп- лицей директорының бұйрығымен комиссия мүшелері бекітіліп,жұмыс жоспары жасалды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасындағы 19 оқушыға демеуші ата -аналар мен ұжым мүшелері тарапынан мектеп формасы мен оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.
- «Кеңес беру», «Қаржылай көмекті тіркеу», «Сараптамалық» журналдар арналды.
- Оқушылардың отбасындағы жағдайын анықтау мақсатында сынып жетекшілермен бірлесе отырып,жеке оқушының әлеуметтік картасы жасакталды.
- Жоспарға сәйкес сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс – жағдайын зерттеу мақсатында мәліметтер жиналып, сыныптың әлеуметтік картасы әзірленді.
- Оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинакталып, мектептегі оқушылардың әлеуметтік картасы жасалды.
 - 1.Қамқорлыққа алынған оқушылар тізімі;
 - 2.Толық емес отбасындағы оқушылар тізімі.Оның ішінде:
 - асыраушысынан айырылған отбасында тәрбиеленетін оқушылар;
 - ата -анасының бірі ажырасқан отбасында тәрбиеленетін оқушылар;
 - форма 4 есебіндегі оқушылар;
 - 3.Көпбалалы отбасындағы оқушылар тізімі;
 - 4.Аз қамтылған отбасындағы оқушылар тізімі;
 - 5.Туысының үйінде тұратын оқушылар тізімі;
 - 6. Өгей ата - анамен тұратын оқушылар тізімі;
- «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың ата –аналарына «Egov» порталына оқушы құжаттарын енгізуге сынып жетекшілермен бірлесе отырып,түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Анықтама негізінде 76 оқушы қамтылды.
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020жылғы 24 сәуірдегі №158бұйрығы,13 қосымшасын,2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларды қаржылай көмекпен қамту мақсатында комиссия мүшелерімен бірлесе жұмыс жүргізілді. Комиссия мүшелерінің шешімімен әлеуметтік қолдауды қажет ететін 250 оқушы 43400 (қырық үш мыңтөрт жүз) теңге қаржылай көмекпен қамтылды.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы, 109 қосымшасын басшылыққа ала отырып, асхана қызметінің жұмыстарына тамақтану сапасын бақылау мақсатында мектеп-лицей директорының бұйрығымен комиссия мүшелері бекітілді. Қыркүйек айына екі рет асхана қызметін бақылау мақсатында комиссия мүшелерінің қатысуымен тамақтың сапасы, ас мәзірімен сәйкес берілуі қадағаланып, акт жасалды. Қазан айында ас блогы қызметінің жұмысын бақылауға комиссия мүшелері өз жұмыстарын жалғастырды.
- Оқу жылының басында «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен 1 - 4 сыныптан 762 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.
- Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың кітапханадан кітаппен қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілермен, кітапханашылармен бірлесе отырып, жұмыстар жүргізілді.
- Ата – анасының қамқорлығынсыз қалған, өгей ата – анамен тұратын, форма 4 есебіндегі оқушылардың сабаққа күнделікті келуі қадағаланады, журналға тіркеліп отырылады.

Әлеуметтік педагог:  Ж.Рахметова